

**О. БӨКЕЙ КЕЙІПКЕРЛЕРІ ПСИХОЛОГИЯСЫНДАҒЫ  
СТЕРЕОТИПТЕР (О. БӨКЕЙ “ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ”  
ӘНГІМЕСІНІҢ НЕГІЗІНДЕ)**

\*Накибаева Н.<sup>1</sup>, Сатбекова А.<sup>2</sup>, Ескермесова Г.<sup>3</sup>, Отарбаева Ғ.<sup>4</sup>

\*<sup>1</sup> докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан. e-mail: solnce\_naz19@mail.ru

<sup>2</sup> педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ Ұлттық  
қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан  
e-mail: satbekova@mail.ru

<sup>3</sup> PhD, аға оқытушы, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық  
университеті

Алматы, Қазақстан, e-mail: gulnar\_9.12.81@mail.ru

<sup>4</sup> PhD, ассистент-профессор, SDU University, Қаскелең, Қазақстан  
e-mail: gaziza.otarbayeva@sdu.edu.kz

**Аңдатпа.** Мақалада «Кейіпкер ішкі әлемін бейнелеудің психологиялық аспектілері (Оралхан Бөкей шығармаларының негізінде)» атты докторлық диссертациялық жұмыс шеңберінде Оралхан Бөкей әңгімелерінің кейіпкер ішкі әлеміндегі құбылыстар арқылы автор мен кейіпкер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар, қоршаған орта мен қоғамның кейіпкер мінезіне әсер етуін әдебиеттанушылар мен психологтардың теориялық еңбектеріне сүйеніп, стереотипке толы қоғам қалыптастырған адам бейнесін ашу – мақаланың негізгі мақсаты.

Мақалада шығармадағы басты кейіпкер Жеңісханның өз аузымен баяндаған әңгімесінен кейіпкердің өзі түсінбеген мінезі мен іс- әрекеттерін талдау нысанаға алынған. Мақаланың өзектілігі – адамның мінезіне психологиялық талдау жасауда теориялық зерттеулермен қатар, көркем шығармадағы кейіпкер мінезінен адамды танып, оның ішкі әлеміне терең еніп, әр түрлі конфликттер мен шешімдер арқылы психологиялық өзгерістерді көрсете білуінде. Мақалада Оралхан Бөкейдің кейіпкері танымындағы стернотиатерге талдау жасау арқылы адам бойындағы, қоғамдағы, қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастардағы стернотиіптер айқындала түседі. Қарапайым адамның өміріндегі стернотиіптер адамды нендей әрекеттерге апарары шығармада айқын көрсетілген.

Зерттеудің теориялық бөлімінде О.Бөкей шығармашылығына қатысты зерттеу жұмыстары қарастырылып, әңгімелерінде қазақ халқына тән ұлттық стернотиіптер айқын көрінетіндігі, кейіпкер мінезіне тікелей әрі жанама әсер еткен стернотиіптердің адам психологиясын қалай өзгертетіні баса назарға алынады.

Әңгімедегі детальдер – басты кейіпкердің түсі, көршісінің айтқан бір ауыз сөзі, әйелінің күрсінуді сияқты кейіпкерге қатысты әрекеттер басты кейіпкердің стернотиіпті ойлауынан туындағаны, қоғамның бейсаналы қысымы кейіпкердің ішкі толғаныстарынан көрінеді.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері ретінде әдебиеттанушылар мен психологтардың еңбектерінің негізінде психоанализ әдісі, герменевтикалық әдіс, мотив талдау әдістері қолданылды. Автор мен кейіпкер арасына психологиялық параллель жүргізу арқылы талдау жасалды.

**Тірек сөздер:** кейіпкер, стереотип, психология, ішкі әлем, психоанализ, бейсана, сезім, түс, мінез, әңгіме

### **Негізгі ережелер**

Әлемдік деңгейдегі зерттеулерде көркем шығармаларды әр түрлі салалармен байланыстыра қарастырады. Әдебиеттану - биология, психология, психиатрия, медицина сияқты салалармен қатар психоанализ теориясы тұрғысынан да зерттеліп келеді. Психоанализдің атасы ретінде З. Фрейд идеялары гуманитарлық көптеген еңбектердің негізі болды. Әдебиеттанудағы психоанализ мәселелерін Л. Выгодский, М.Бахтин, Ф.Гофман, Ф.Берри, К. Морисон сияқты зерттеушілер қолға алды [1, 3 б.]. XX ғасырдың басында қызығушылық тудырған әдебиеттанудағы психоанализ мәселесі бүгінге дейін көркем шығармадағы кейіпкерлердің ішкі әлемін, автордың дүниетанымын терең зерделеуге мүмкіндік береді. Адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты, адамның ішкі жан дүниесін көпдеңгейлі тұтастық тұрғысынан қарастыру, стереотиптердің адам өміріне әсері, саналы және бейсаналы әрекет деген түсініктерге тереңірек үңіліп, сырын айқындауға баса назар аударылады.

### **Кіріспе**

Қазақ халқының бірегей жазушыларының бірі – Оралхан Бөкей. "Оралхан бір оқылатын жазушы емес. Оралхан қайталап оқуды қажет ететін жазушы, түсінгеніңше оқи беретін күрделі суреткер", - деп жазды замандасы қаламгер Дулат Исабеков [2]. Қазақ әдебиетіне жаңаша леп, үн қосқан жазушы, оның шығармалары қазақ халқының болмысы, тұрмыс-тіршілігі ғана емес, адамның өз бойындағы түсіндіре алмайтын, өзі де түсінбейтін сезімдерін ақтарып, қоғамның адам жанына тікелей әрі бейсаналы әсерін психологиялық тұрғыдан терең түсіндіреді.

З.Фрейд көркем әдебиетті зерттеу арқылы психоаналитик пен жазушының ұқсастықтары мен айырмашылықтарына мән береді, психоаналитик маман ретінде адамның өмірі мен ойына анализ жасау арқылы оның бейсаналы іс-әрекетін анықтаса, жазушы өз кейіпкерлерінің өміріне терең бойлау арқылы өз ішкі жан дүниесіндегі бейсаналы әрекеттерді түсінуге мүмкіндік береді. XX ғасырда әлем әдебиетіндегі З.Фрейд теориясымен байланысты, ол зерттеген шығармалардан бөлек, көптеген жазушылар оның теориясының негізінде көркем шығарма жазуға ұмтылды. Әдебиеттегі психология, психоанализ - тек дәл сол бағытта арнайы жазылған шығармалар, көркем әдебиетке арқау болған тақырыптар ғана емес, адамның ішкі әлеміне үңіліп, сол адамның өмірі арқылы өз-өзінді түсініп, жан дүниесіндегі қайшылықтарды шешуге көмектесетін ғылым. Алайда, З.Фрейдтің өзі ескерткендей, психоанализдің міндеттері мен әдебиеттанудағы міндеттерді шатастыруға болмайды. Себебі, таза психоанализ тұрғысынан зерттегенде, психоаналитик шығарманың әдеби

ерекшеліктеріне мән бермей, тек автордың бейсаналы түрде қиялына сүйене отырып өмірде іске асыра алмаған қалауын шығармадағы кейіпкері арқылы іске асыратынын көрсетуге ұмтылады [3, 345 б.]. Қазақ әдебиетінде шығарманы психологиялық ерекшеліктері тұрғысынан жаңаша зерттеу үлгілері тек Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана бастау алды. Оған баса назар аударған Г. Пірәлі, Б. Майтанов, А. Қалиева сынды әдебиеттанушы ғалымдар. Г. Пірәлінің еңбегінде айтылғандай: «Әдеби туындыны психологизмнің арнаулы бейнелеу құралдарының көмегімен суреттей отырып көркемдік құндылыққа жетуге болады» [4, 102 б.]. Қазақ әдебиетінде адам жанына терең бойлап, жан дүниесіндегі шым-шытырық сезімдерін ашатын көркем шығармалар да, авторлар да жетерлік. Соның ішінде ерекше атап айтатын жазушы Оралхан Бөкей. Оның кез келген шығармасы терең психологиялық тартыстарға толы. Адам жанын терең түсініп, кез келген детальді шығармада шебер пайдалана білетін жазушының туындыларының қай қайсысы да жіті талдауға лайық. Алайда, біз бұл мақалада, оның «Ұйқым келмейді» атты әңгімесіне тоқталғымыз келіп отыр. Автордың бұл туындысы арқылы оның жан дүниесіне үңіліп, кейіпкердің ішкі әлеміне психологиялық талдау жасауға тырысамыз. [5, 447 б.]

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Тақырыпты ашып, талдау мақсатында Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді» атты әңгімесі материал ретінде таңдалды. Әсіресе басты кейіпкер Жеңісханның ішкі әлеміне үңіліп, адам психологиясының ерекшеліктерін анықтау үшін әдебиеттанушылар мен психологтардың еңбектерінің негізінде психоанализ әдісі қолданылды. Автор мен кейіпкер арасындағы психологиялық параллель жүргізу арқылы талдау жүргізілді.

### **Талқылау**

Әдебиет зерттеушісі ф.ғ.д. Г.С.Пірәлиева атап көрсеткендей, психологиялық прозада басты назарға психологизм алынып, оқиға, кезең, уақыт, тақырып, идея екінші орынға қойылады. Ең бастысы- шығармадағы шым-шытырық оқиға, сюжетке қарағанда кейіпкердің тұлғалық өзгерістері мен рухани, сапалық, ішкі сезімдеріндегі құбылыстар. Психологиялық шығармада эстетикалық, көркемдік әлемі өзінің жанрлық, стильдік талабына сай кейіпкердің ойы, сөзі мен іс-әрекетінің сәйкестігі көркемдік жүйеде талданады. [4, 132 б.]

Бұл шығарма басталғаннан-ақ негізгі кейіпкердің түсіндегі арпалыстарға үңілеміз. Басты кейіпкер Жеңісханның түсі суреттеледі. Жалпы түс деген сан ғасырлар бойы адамзат үшін құпия болып келеді, оны жорып, халықтық нанымдар, ертегілер, болжамдар мен бақсылық арқылы әртүрлі қырынан түсіндіруге талпынады. Түс жоруға деген қызығушылық

адамзат дамуының кез келген дәуірінде болған. Көркем әдебиеттегі түс – ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін бүкіл әлем бойынша мифтерде, эпостарда, діни жазбаларда, тарихи шежірелерде, поэзияда кеңінен қолданылатын әдеби құрал. Әдебиеттегі құрал ретінде түс - туындының құрылысын, көркемдік композициясын, кейіпкерлердің идеологиялық, психологиялық сипаттамаларын әрі автордың өзіндік ішкі әлемін, көзқарасын ұсыну қызметін атқарады. Адамның өмірі, тұрмыс-тіршілігі, даналығы мен даралығы, күнделікті әрекеттері мен одан алған әсерлері – түс арқылы ашылып, айқындалады. [6, 140 б.] О. Бөкей шығармаларында түс көру мотиві жиі кездеседі. Автор кейіпкер мінезі мен оқиға желісіне кіріспе ретінде, мистика мен психологияны шебер байланыстыра отырып, ұтымды тәсіл ретінде пайдаланады. Мысалы, Оралхан Бөкейдің «Қамшыгер» әңгімесінде де шығарма басты кейіпкердің түсінен басталады, онда көзіне тамған сүттен қанның дәмі шығады, автор сол түс арқылы оқырманға шығарма барысында болатын бір қауіпті меңзейді, басты кейіпкердің толғаныстары мен көңіліндегі жайсыздық та содан бастау алады.

Қазақ әдебиетіндегі шығармалардың көбінде түс көру кездеседі. Түсте тек бүгінгі күннің үзік естеліктері ғана емес, айтылмай қалған сөздер, сана түкпірінде ашылмай қалған ойлар, орындалмаған армандар бейнеленеді. Көркем әдебиетте кездесетін түстер сюжет үшін маңызды рөл атқарады, ол авторға кейіпкердің ойларын, уайымдарын, құпия армандарын, қорқыныштарын айқындауға көмектеседі деген пікірді біз осы күнге дейін бірінші нысан ретінде қабылдаймыз, алайда таза психологиялық тұрғыдан З.Фрейдтің «түс жору» атты еңбегінде көрсетілгендей шығармадағы түс арқылы автор өз ішкі жан дүниесіндегі маңызды мәселелерді көрсетеді, ол тіпті өзі де оны байқамауы мүмкін, автор бейсаналы іс-әрекет арқылы, яғни кейіпкердің түсі арқылы өз ішкі әлемін бейнелеуі мүмкін. [7, 162 б.] Басты кейіпкердің мінезін ашып, шығармадағы басты оқиғаның желісіне сілтеме ретінде жазушы түсті пайдаланған. Автор кейіпкердің түсін шынайы өмірдегі түске мейлінше жақын етіп суреттеген, психологиялық анализ жасайтын болсақ, осы түстің басталуынан-ақ кейіпкердің ішкі әлеміндегі құбылыстар анық көрініп тұр, «тұманданып кетті», «жоны шыт-шыт жосылып кеткен», «өрмекшінің торындай шимай-шатпақ» [5, 447 б.] деген тіркестерден кейіпкердің ішкі жан-дүниесіндегі өзі шеше алмаған, тіпті өзіне-өзі мойындамаған бейсаналы бір проблемасының бар екені көрінеді, түсінде «Мен ғанамын... Жоқ, мен ғана емес, қыбыр-қыбыр басып адамдар ғана жүр», «Бәрібір мен ғанамын» [5, 448 б.] деген сөздерінде сол проблеманы өзі ғана шеше алатынын, алайда басқа адамдардың оның шешімдеріне, өміріне араласатынын, оған ықпал ететінін көруге болады, қаншама адам оған ақыл айтып, әсер етуге тырысса да, ол ең маңызды шешімдерді өзі қабылдауы тиіс. Түсіне еніп тұрған проблема, кейіпкердің өмірінде бар, алайда ол оны ұмытып кетті немесе санасынан сызып тастауға

тырысты, түйіні шешілмеген соң ол проблема кейіпкердің болашағына кедергі келтіріп тұр, себебі ол өзін шыға алмайтын тығырыққа, торға түскендей сезінеді, барлық құстардың ішінен түсіне байғыздың енуі де, қазақ танымындағы жаман ырым шақырушы құс деген ойға сайып келеді. Көркем әдебиетте кездесетін наным-сенімдер ежелгі қисса-дастандарда, ертегілер мен аңыздардан бастап қолданылатын әдіс. Әрі қарай автор адасу, алжасу туралы ой қозғап, бірін-бірі іздеген қыз-жігіттер туралы, кіршіксіз махаббат туралы ойлайды, түсінде осындай ойларға берілудің өзі – автордың шынайы өмірдегі ой-пікірі. Түстегі адасу- психологияда өзін-өзі кінәлі сезіну, қате шешім қабылдағанын мойындау. Адам шынайы өмірінде жасаған қателігін мойындамай немесе одан қашқақтаған болса, оны санасы ығыстырып, бейсаналыға айналдырады, яғни түсі арқылы адамның бейсанасы оған оның ішкі әлеміндегі құбылыстар туралы, кінәсі туралы хабар береді. Ешбір адам түсіндегі әрекетін толық түсіндіре алмайды, кейбір түстер тіпті мағынасыз, абсурд болып көрінеді. Бұл әңгімеде де автор түсті шытырман оқиғаға толы қылып көрсеткен. Бірінен бірі адасқан жастар табысса да бақытты болып көрінбейді, одан кейін ол өмірінде кездескен аруларды еске алып, олардың әрқайсысының әртүрлі дене бөлігінен құралған идеал бейнені көреді, алайда ол өте суық, жансыз болып көрінеді, екеуі жалаң аяқ, жалаң бас тұрады – бұл тағы да өзін кінәлі сезіну, біреуден кешірім сұрағысы келетінін көрсетсе, әртүрлі адамның қосындысынан жиналған бейне, «сән-салтанатты киімнің қажеті жоқ» деуі де – кейіпкердің шын өмірде көпшілік алдына жиі шығатын, әрі сол көпшіліктің пікірі ол үшін өте маңызды екенін көрсетеді. Одан кейін түс соңында қос қанатты жас бала келіп оны қылқындыра бастайды, бұл шығармадағы кейіпкердің күнделікті өмірдегі тіршілік қамымен бастырылып, байқалмай кеткен ең ауыр, өткір, тиым салынған уайымдарымен бетпе-бет келуі [8, 11 б.]. Ал, көркем әдебиеттегі түс – автордың кейіпкер мінезін ашып, шығармадағы сюжеттің логикасына апарар жол. Шығармада түс кенеттен пайда болған құбылыс сияқты көрінгенмен, сол арқылы автор сезімнің бұлынғыр сәттерін, шығарманың поэтикалық тілін, құпия белгілер мен символдарды сәтті пайдаланатын тәсіл. Айта кететін өте маңызды жайт, адамның түсіне әртүрлі факторлар әсер етуі мүмкін. Ол міндетті түрде бір терең философиялық ойдың көрінісі емес, қарапайым сыртқы және ішкі қоздырғыштар болуы мүмкін. Адамның түсі бүгін бір ойдан емес, күнделікті тіршіліктің, өткен өмір мен бүгінгінің қосындысы, ортақ қорытындысы болуы мүмкін. Адамның түсіне әсер ететін ішкі қоздырғыштарға оның іш құрылысындағы арулар немесе процестер жататын болса, сыртқы қоздырғыштарға ұйықтап жатқан адамның айналасында болып жатқан құбылыстар жатады. Мысалы, кез келген айналадағы шу түсте найзағаймен, күннің күркіреуі түрінде келсе, есік ашылғандағы дыбыс қарақшылар басып кіргендей, ал ұйықтап жатқан адамның үстінен көрпесі ашылып қалса, ол түсінде өзін жалаңаш көруі

мүмкін. Сонымен қатар, адамның денесіне тікелей әсер еткен нәрсе, түсінде өзгеше көрініс табады. Мысалы, адам ыстық пештің жанында жатып, дене қызуы көтерілсе, түсінде ол өртеніп жатуы мүмкін. Дәл сол сияқты, шығармада кейіпкерді түсінде жас бала алқымынан алып жатады, оянса әйелі алқымынан орай құшақтап алыпты. Бұл кез келген адамның басында болатын қалыпты құбылыстардың шығармадағы шебер көрінісі. Кейіпкер ұйқысынан ояна сала, жаңадан көшіп келген үй екеніне назар аударады, бұл түсіндегі адасып, кеңістікте бірін-бірі таба алмай жүрген жандардың сипатын түсіндіргендей болады. Ұйқысынан оянған кейіпкер өз түсін өзі түсінгісі келеді. «Адамның түсіне қайдағы-жайдағы кіре береді екен-ау. Дегенмен де, осы түстің өзі уақыт уысында кеткен, өткенінді еске түсіріп, сартап сағыныштарыңның сарғайған беттерін парақтайды екен» [5, 449 б.] шығармадағы негізгі кейіпкердің ойы мен сезімін автор өз ойын жеке қойын дәптеріне түсіргендей шынайы баяндайды. Кейіпкер өз толғаныстары арқылы, өткенін еске алып, ұмыт болған қыздарды есіне алады, олардың түсіне еніп, өткеннен хабар бергеніне таңырқайды. Олардың отбасылары туралы ойланып, өз өмірімен салыстырғандай болады. Түс көруді осыншама шынайы беріп, тірі адамның түсіндей талдап, жоруға мүмкіндік болу да бекер емес. Автор осы түсті шығармада пайдалануының бірден-бір себебі, басты кейіпкер мен автордың арасындағы шекара жойылып, оқырман шығарманы автордың өзі жайлы екендігіне күмән келтірмейді. Жалпы, О. Бөкей шығармаларына түс көру әдісі тән. Мысалы, «Қамшыгер», «Бәрі де майдан», «Ардақ», «Сайтан көпір», «Қар қызы» сияқты шығармаларында автор түс көруді кейіпкер жан дүниесін ашуда уақыт пен кеңістік, көркемдік құрылым тұрғысынан ұтымды қолданады. Выготский өнерді сезім мен қиялдың синтезі деп анықтайды, сол арқылы эмпирикалық психология мен рефлексологияны бір бірімен байланыстырады. Адам психикасының осы қабілеті арқылы өнердің тәрбиелік қызметін көруге болады. Выготскийдің пікірі бойынша өнерде автордың өзіне ғана тиесілі меншігі жоқ, автордың шығармасы қоғамдық меншік, тұлға - әлеуметтік белгілердің жиынтығы, калейдоскоптың бір түрі, мозаика. Егер шығармада небір оқиға немесе кейіпкерге тән мінез көрсетілсе, ол тек сол шығармада ғана кездесетін нәрсе емес, ол өмірде бар адамның оқиғасы немесе әрекеті болуы мүмкін. Көркем әдебиеттегі кейіпкер мінезінің ерекшелігі – автордың көркем тілі арқылы берілуінде, мысалы, «уақыт уысында», «сартап сағыныштарыңның сарғайған беттерін парақтайды» деген сияқты фразеологиялық тіркестер арқылы кейіпкердің жан дүниесін ашу шебер суреткердің қолынан келеді. Сонымен, Выготский өнердің мақсатын анықтайды: бұл тұлғаны толғандыратын барлық сұрақтарға жауап табуға, кез келген мәселені өз басынан өткермей-ақ эмоционалды тәжірибе алуға мүмкіндік беретін тұлғалық емес әлеуметтік әдістеме [9, 333 б.].

## Нәтижелер

Шығармадағы оқиғаның автордың жеке өміріне қаншалықты жақын екенін автор кейбір деталдар арқылы оқырманға ұқтырғысы келгендей. Автордың есімі –Оралхан, оның есімін әкесі соғыстан аман-есен оралсын деген ниетпен қойған екен, «Ұйқым келмейді» әңгімесіндегі негізгі кейіпкердің есімі –Жеңісхан, анасы соғысқа кеткен әкесі жеңіспен оралсын деген ниетпен қойған деп түсіндіреді автор. Шығарма бойында авторға қатысты деталдар өте көп, жер-су атаулары, отбасылық жағдайы көп сәйкес келеді. Жеңісханның ішкі әлемі автордың жеке күнделігіндегі жазбалар сияқты көрінеді. Шығармадағы негізгі идея – адамға жасаған қиянатың өзіңе қайтып келеді деген ойға саяды. Жалпы басты кейіпкер мен автор арасында параллель жүргізіп, шығармадан авторды іздеу әлем әдебиетіне тән құбылыс, мысалы: А.С. Пушкинде «Евгений Онегин», Джек Лондонда «Мартин Иден». Бұл шығармаларда да басты кейіпкер мен автордың өскен ортасы, әлеуметтік жағдайы сәйкес келеді. Одан бөлек, автор бірінші жақтан баяндап, болған оқиғаларға өз бағасын беріп, ішкі сезімдерімен бөліседі. Қоғамдағы стереотипті ойлардың адам өміріне қалай әсер ететіні анық көрсетілген. Негізгі кейіпкердің әйелі бала көтере алмай жүргені, оған қатысты айналасындағы жұрттың әңгімесі – «баласы болмаған үй бақытсыз», «Әйелдер айтатын: «Түу, алты ай қыс шанаға шеккендей арығаныңды-ай, неге жүдеусің, бетінде қан жоқ қой, қан» [5, 452 б.] Көрші-қолаңның, құрбы-құрдастардың әзілдері, айтқан сөздері бала туралы, сәби сүйеге қатысты пікірлері оны терең ойға батырып, мұңайтатын. Бұл мәселе автордың өз басында болғандықтан шығармадағы автор бейнесі көрінеді. Содан кейін автор жастық шағына ойша оралып, өмірінде жіберген үлкен қателігі туралы баяндайды. Кез келген адамға тән, қарапайым психология. «Мен осынша жазаға тап болатындай, өмірімде қандай қателік жасадым?» - деген сұрақ. Бұл сұраққа жауапты шығармадағы Бақыт атты кейіпкер береді. Шығарма барысында кейіпкердің іс-әрекетін түсіндіру мақсатында әкесінің әпкелері ер азаматтың ықыласына бөлене алмағанын айтып, кез келген әйел махаббатқа, ердің жылуын сезінуге лайық деген пікір айтады. Шығарма барысында басты кейіпкер әкесінің отбасы туралы айтып, әкесінің қарындастарының тағдырына тоқталады. Үш қарындасы, тұрмысқа шықпай, өмірден ерте озғанын, ондай тағдырдың аянышты екенін айтып, өз құрбыларының ер құшағын көріп, бақытты ғұмыр кешкенін көргісі келетінін айта келе: «Арманда кеткен апаларым үшін солар - бүгінгі қыздар сезінсе екен жастықтың салтанатын деймін. Жақсы сөзден жаңылған жар болса - жылап тұрып кешіремін, жылап тұрып осы сұмдықтың өзінен апалар бақытын көрермін, апалардың ерте үзілген күміс күлкісін естіремін» [5, 451 б.] деген пікір білдіреді. Осы сөздер арқылы автор Жеңісханның бейсаналы іс-әрекетін түсіндіргендей. Мектепті жаңа бітірген Бақытты арбап, өз құшағына қысып, ыстық сезімге беріліп, құмарын қандырған соң, жалындаған махаббатының іс-түссіз жоқ болып кеткенінің себебін Жеңісханның өзі де түсінбейді. Психологиялық құбылыстар көркем

шығармада бейнелік сипатта келеді. Шығармадағы кейіпкер психологиясы шебер автордың қаламынан адам психологиясының үлгісі бола алады. Автордың кейіпкердің өзі түсінбеген сезімі мен әрекетін шынайы беру арқылы оқырманға өз мінезіндегі ерекшеліктерді тануға, өз ішкі әлеміне үнілуге мүмкіндік береді. И.М. Сеченов байқағандай, шығармадағы кейіпкер мінезіне шынайылық беретін бірден-бір фактор, кейіпкердің белгілі бір психологиялық заңдылықтарға бағынуы [10]. Кез келген адамға әсер ететін факторлар – өскен ортасы, қоғамда қалыптасқан стереотиптер, туыстары, достары, елдегі әлеуметтік- саяси жағдай. Шығармада гендерлік сипат айқын көрінеді. Қазақ қоғамында қалыптасқан «жалғыз тұяқ», «ер жігітке қайда барса таң атар» деген сияқты тіркестер, кейіпкердің отбасындағы бейсаналық қысым – бәрі кейіпкер мінезін ашады. Ол өзі түсінбеген әрі түсіндіре алмайтын сезімі- махаббатының мезгілсіз өшуі. Олай болуының себебі, қоғамда қалыптасқан стереотиптер екенін, ер азаматқа жүктелетін жауапкершілікке жеңіл қарауға қоғамның өзі рұқсат еткендей түсініктің оның жадында бейсаналы тұрғыда қалыптасқанын көрсетеді. Бұрылмастан айналып кеткен Бақытты талай жылдан соң қайта кездестіріп, оның әңгімесін тыңдайды. Жүкті болған жас қыз ата-анасынан жасырып босанады, ішіндегі күйік пен реніш баласы дүниеге келгенше таусылмайды, жеті айлық болып туған баласы, екі айдан соң шетінеп кетеді. Шығармадағы шынайылық тағы да көрінеді. Қазақ қоғамында қалыптасқан тағы бір стереотип – тұрмысқа шықпай жүкті болу, әкесіз баланы дүниеге әкелу. Ондай жағдайлар адам психикасына қалай әсер етіп, адамды қандай әрекеттерге итермелейтінін автор шебер келтірген. Ата- анасынан қолдау көрмейтінін біліп, жақындарынан жырақта, өзгелерге өтірік айтып босанған қыз өз тағдырын баяндайды. Автор шығармадағы Бақыт пен Жеңісханды кездестіру арқылы адам басына түскен сынақты көтере алуы қажет, әрі мойымаған адам өз ішіндегі күйзелістен арыла алатынын аңғартады. Ал басты кейіпкердің түсі, ой толғамдары басты кейіпкерді ар жазасына салады. Жастығында болған қателіктің өміріне жаза боп оралғанын жарының құрсақ көтермегенінен көреді. Жалпы қазақ қоғамына тән қасиет, адам бойындағы физиологиялық ерекшеліктердің себебін медициналық көрсеткіштерге қарағанда адамның болмысындағы қателіктерден, наным сенімдер мен қарғыстан іздеу. Автор шығармасында да адам бойындағы қорқыныш пен үміт сияқты сезімдерді кейіпкердің ішкі жан дүниесі арқылы өте терең бере білген.

### **Қорытынды**

Көрнекті әдебиеттанушы М.М. Бахтин: «... шығарма мен онда бейнеленген дүние нақты әлемге еніп, оны байытады, ал шынайы дүние шығарма мен онда бейнеленген әлемге енеді» [12, 60 б.]. Жазушы - психология ғылымының деректері мен нақты психикалық процестер мен заңдылықтарды ескере отырып, өз кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесін



бейнелейді. Демек, шындықты бейнелейтін көркем әдебиет нақты адамның психологиясын көрсетпесе болмайды [12, 62 б.]. Қазақ қоғамында қалыптасқан «әкесіз бала туған ұят», «артында ұрпақ қалу керек», «қызға қырық үйден тиым» деген сияқты бейсаналы түрде, бала кезден қалыптасқан түсініктер – адамды толыққанды тұлға ретінде қалыптастыратыны көрінеді. Адамның өз жан дүниесін түсінудің бірден-бір жолы көркем шығармадағы кейіпкердің ішкі әлеміне үңілу.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: «Санат», 2010. – 250 б.

[2] "Шығыстан жарқырап шыққан жұлдыз еді": Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылығы // «Sputnik Қазақстан» ақпараттық порталы. – URL: <https://sputnik.kz/20210315/Oralkhan-Bokey-16537284.html> 27.01.2024

[3] Фрейд З. Введение в психоанализ: курс лекций / Пер. с нем. П.Таращук. - К.: Основы, 1998. – 709 с.

[4] Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: «Алаш», 2003. – 328 б

[5] Бөкей О. Ұйқым келмейді. – Алматы: «Жалын», 2015. – 560 б.

[6] Fridlender G. Dostoevskiy and world literature. – М.: «Goddessential Literature», 1979.– 108 p.

[7] Rajabov, A., L. Jalilova. The peculiarities of psychological characteristics of the main hero in J. Rowlingsheptalogy of Harry Potter // International Engineering Journal for Research. – 2021. – 6.2. – P. 1-5.

[8] Лейбин В.М. Психоаналитическое видение литературы. – Санкт-Петербург: «Питер», 2012. – 140 б.

[9] Выготский Л.С. Психология искусства. – Ростов: «Феникс», 2010. – 480 с.

[10] Сеченов М.И. Большая российская энциклопедия. – Москва: «Большая российская энциклопедия», 2014. – 480 с.

[11] Юнг К. Г. Психология бессознательного. – М.: «Канон+», 2003. – 400 с.

[12] Бахтин М. М. Проблема содержания, материала и формы в словесном художественном творчестве. – Москва: «Художественная литература», 2015. – 71 с.

## REFERENCES

[1] Maitanov B. Qazaq romany және psihologialyq taldau (Kazakh novel and psychological analysis). – Almaty: «Sanat», 2010. – 250 b. [in Kaz.]

[2] "Şyğystan jarqyrap şyqqan jüldyz edı": Oralhan Bökeidiñ ömiri men şyğarmaşylyğy (It was a star that shone from the East": the life and work of Oralkhan Bokey) // «Sputnik Qazaqstan» aqparattyq portaly. – URL: <https://sputnik.kz/20210315/Oralkhan-Bokey-16537284.html> 27.01.2024 [in Kaz.]

[3] Freid Z. Vvedenie v psihoanaliz: kurs leksi (Introduction to psychoanalysis: a course of lectures) / Per. s nem. P.Taraşuk. – K.: Osnovy, 1998. – 709 s. [in Rus.]

[4] Pırälieva G. Kırkem prozadağy psihologizmnıñ keibir mäseleleri (Some problems of psychologism in artistic prose). – Almaty: «Alaş», 2003. – 328 b. [in Kaz.]

[5] Bökei O. Üiqym kelmeidi (I don't want to sleep). – Almaty: «Jalyn», 2015. – 560 b. [in Kaz.]

[6] Fridlender G. Dostoevskiy and world literature. – М.: «Goddessential Literature», 1979.– 108 p.

[7] Rajabov A., Jalilova L. The peculiarities of psychological characteristics of the main hero in J. Rowlingsheptalogy of Harry Potter // International Engineering Journal for Research. – 2021. – 6.2-P. 1-5.

[8] Leibin V.M. Psihoanaliticheskoe videnie literatury (The psychoanalytic vision of literature). – Sankt-Peterburg: «Piter», 2012. – 140 s. [in Rus.]

[9] Vygotski L.S. Psihologia iskustva (Psychology of art). – Rostov: «Feniks», 2010. – 480 s. [in Rus.]

[10] Sechenov M.Ī. Bōlšaia rosiskaia ensiklopedia (Big Russian Encyclopedia). – Moskva: «Bōlšaia rosiskaia ensiklopedia», 2014. – 480 s. [in Rus.]

[11] Īung K. G. Psihologia besoznatelnogo (Psychology of the unconscious). – M.: «Kanon+», 2003. – 400 s. [in Rus.]

[12] Bahtin M. M. Problema sodержania, materiala i formy v slovesnom hudojstvennom tvorchestve (The problem of content, material and form in verbal artistic creativity.). – Moskva: «Hudojstvennaia literatura», 2015. – 71 s. [in Rus.]

## **СТЕРЕОТИПЫ В ПСИХОЛОГИИ ГЕРОЕВ О.БОКЕЯ**

**(на основе рассказа О. Бокее «Бессонница»)**

\*Накибаева Н.<sup>1</sup>, Сатбекова А.<sup>2</sup>, Ескермесова Г.<sup>3</sup>, Отарбаева Г.<sup>4</sup>

\*<sup>1</sup>докторант, Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби Алматы, Казахстан, e-mail: solnce\_naz19@mail.ru

<sup>2</sup>доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

e-mail: satbekova@mail.ru

<sup>3</sup>PhD, старший преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

e-mail: gulnar\_9.12.81@mail.ru

<sup>4</sup>PhD, ассистент-профессор, SDU University, Каскелен, Казахстан

e-mail: gaziza.otarbayeva@sdu.edu.kz

**Аннотация.** В статье анализируется психология человека через явления во внутреннем мире героев рассказов Оралхана Бокее в рамках докторской диссертации на тему «Психологические аспекты изображения внутреннего мира персонажа (на материале произведений Оралхана Бокее)». Основная цель статьи – раскрыть влияние окружающей среды, общества и стереотипов на формирование личности главного героя, сходства и различия между автором и персонажем на основе теоретических трудов литературоведов и психологов. В статье ставится задача проанализировать характер и поступки героя, которых он сам не понимал, из истории, рассказанной Женисханом, главным героем произведения.

Актуальность статьи заключается в том, что наряду с теоретическими исследованиями в области психологического анализа характера человека можно распознать человека по характеру персонажа художественного произведения, глубоко проникнуть в его внутренний мир, показать психологические изменения через различные конфликты и решения. В статье путем анализа стереотипизации характера Оралхана Бокее определяются стереотипы в личности, в обществе, в общественных отношениях. В произведении ярко показаны стереотипы из жизни обычного человека.

В теоретической части исследования рассмотрены научные работы, связанные с творчеством О.Бокея, в его рассказах отчетливо видны национальные стереотипы, характерные для казахского народа.

Детали рассказа — цвет лица главного героя, слово, сказанное соседом, вздох жены и т. д. — вызваны стереотипным мышлением главного героя, а бессознательное давление общества отражается на внутреннем мире мысли персонажа.

В качестве методологической основы исследования на основе трудов литературоведов и психологов был использован метод психоанализа. Анализ проводился путем проведения психологической параллели между автором и персонажем.

**Ключевые слова:** персонаж, стереотип, психология, внутренний мир, психоанализ, бессознательное, чувство, цвет, персонаж, история

## **STEREOTYPES IN THE PSYCHOLOGY OF O. BOKEY'S HEROES (based on O. Bokey's story "No sleep")**

\*Nakibayeva N.<sup>1</sup>, Satbekova A.<sup>2</sup>, Yeskermessova G.<sup>3</sup>, Otarbayeva G.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>doctoral student, al-Farabi Kazakh National University  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: solnce\_naz19@mail.ru

<sup>2</sup> Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: satbekova@mail.ru

<sup>3</sup>PhD, senior teacher, Kazakh National Women's Teacher Training University Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulnar\_9.12.81@mail.ru

<sup>4</sup>PhD, Assistant Professor, SDU University, Kaskelen, Kazakhstan  
e-mail: gaziza.otarbayeva@sdu.edu.kz

**Abstract.** The article analyzes human psychology through phenomena in the inner world of the heroes of Oralkhan Bokey's stories as part of doctoral dissertation on the topic «Psychological aspects in the image of the inner world of the heroes (based on the psychoanalysis of Bokeev's works)» The main goal of the article is to reveal the author's image of Oralkhan Bokey in the work, the similarities and differences between the author and the character, to create a psychological portrait of a person through the influence of the environment and society on the character. reveal the image of a person formed by a society full of stereotypes, based on the theoretical works of literary scholars and psychologists. The article sets the task of analyzing the character and actions of the hero, which he himself did not understand, from the story told by Zheniskhan, the main character of the work.

The theoretical part of the study examines scientific works related to the work of O. Bokey; in his stories, national stereotypes characteristic of the Kazakh people are clearly visible, as well as how stereotypes directly and indirectly affect the character of a person and change human psychology. The details of the story - the main character's complexion, the word said by the neighbor, the sigh of the wife, etc. - are caused by the stereotypical thinking of the main character, and the unconscious pressure of society is reflected in the inner world of the character's thoughts.

The method of psychoanalysis was used as the methodological basis for the study, based on the works of literary scholars and psychologists. The analysis was carried out by drawing a psychological parallel between the author and the character.

**Keywords:** character, stereotype, psychology, inner world, psychoanalysis, unconscious, feeling, color, character, story

*Статья поступила 09.04.2024*

